

Л. Б. ШАПОВАЛОВА, Б. Т. ТУКТИН,  
Г. Д. ЗАКУМБАЕВА, З. Б. СҰЛТАМАҮРАТОВА, И. С. ЧАНЫШЕВА

## ҚӨМІРТЕГІ ҚОС ТОТЫҒЫН $\text{Cu}-\text{СЖЭ}/\text{Al}_2\text{O}_3$ – КАТАЛИЗАТОРЫНДА ГИДРЛЕУ ЖӘНЕ АДСОРБЦИЯЛАУ

Көміртегі қос totығын гидрогенизациялауда  $\text{Cu}-\text{СЖЭ}/\text{Al}_2\text{O}_3$  катализаторының адсорбциялық және каталитикалық қасиеттері зерттелген.  $\text{CO}_2$  гидрогенизациялаудағы негізгі өнім метанол болып табылады.  $\text{CO}_2$ -нің конверсиялану дәрежесі және катализатор талғампаздығы  $\text{Cu}-\text{СЖЭ}$  қатынасымен және процесті жүргізу жағдайларымен анықталады. Процеске СЖЭ енгізу бөлшектердің биметалдық құрамды катализатор бетіндеге ұсақталуына әкелетіндігі көрсетілген. Ик әүүлеленуін қолданумен  $\text{CO}_2$ ,  $\text{CO}_2+\text{H}_2$  адсорбциясы зерттелген. Алынған мәліметтер негізінде  $\text{CO}_2$ -нің активтелеуі  $\text{CO}_2 > \text{CO}_{\text{адс}} + \text{O}_{\text{адс}}$  бағыты бойынша немесе ассоциативті механизммен  $[\text{COO}]_{\text{адс}}$  түзілуі арқылы жүретін анықталды.

Қазіргі уақытта шешуді қажет ететін экологиялық маңызды мәселелердің біріне атмосферада  $\text{CO}_2$ -нің жинақталуы кіріп отыр. Химиялық өндірісі саласында  $\text{CO}_2$ -нің шектеулі қолданылуы оның химиялық инерттілігіне байланысты болып отыр, себебі онда оттек атомдары көміртегімен тығыз байланысады.  $\text{CO}_2$  негізіндегі өнеркәсіптік синтездер айтартықтай көп емес, оларға: салицил қышқылын, мочевина және олардың туындыларын, органикалық

тұйық тізбекті карбонаттар өндірістері кіреді.

$\text{CO}_2$  химиясының кілт дамуы осыдан он жыл бұрын бірнеше ғылыми топтардың көміртегі қос totығының ауыспалы металлдар комплексіменен әрекеттесуін жүйелі зерттеулерінен басталды.

Химиялық тұрғыдан қарағанда  $\text{CO}_2$  көміртегінің толығынан totықкан қосылышы, сондыктан оның химиялық өзгеріске ұшырауы тек totықсызданды-

ру арқылы жүреді. Көміртегі қос totығын totықсyzдандыру кезінде химиялық синтездерде метан, метанол және басқа да өнімдер алуға болады.

Егер бастапқы шикізаттың бірі болып табылғын сутегі көзі арзан болса метанолды көміртегі қос totығын гидрлеу арқылы алған тиімді болады. Бұл салада айтарлықтай жетістіктерге жетууге сутегі молекуласын және көміртегі қос totығын жұмысқа жағдайда активтеуге мүмкіндік беретін гетерогенді көпкомпонентті каталитикалық жүйелерді жасау және колдану жол ашады.

Жұмыста  $\text{CO}_2$ -нің наноқұрылымды биметалдық Cu-СЖЭ/ $\text{Al}_2\text{O}_3$ -катализаторында гидрогенизациялану процесі зерттелген.

### ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ

Көміртегі қос totығының гидрогенизациялану процесі Cu-СЖЭ/ $\text{Al}_2\text{O}_3$  – катализаторында активті фаза компоненттерінің  $\text{Cu} : \text{СЖЭ} = 9:1, 1:1,$  и  $1:9$  әртүрлі қатынастарында зерттелді.  $\text{CO}_2$ -нің гидрленуі ағымды қондырғыда реакция ( $T_{\text{тәж}}$ ) температурасының  $473-773\text{K}$  аралығында,  $0,1 \text{ Mpa}$  қысым астында,  $\text{CO}_2 : \text{H}_2 = 1:4$ , бастапқы заттар коспасының берілу жіберу жылдамдығы  $= 150\text{ca}^{-1}$  жағдайында жүргізілді.

Катализаторлар тасымалдашты металл тұздарының сулы ерітінділерімен сіндіру әдісі арқылы дайындалып, әрі карай сутегі ағымында  $773\text{K}$  температурада 3 сағат бойы өндөлді. Тәжірибе алдында катализатор реакторда процеске сәйкес температураларда сутегімен ( $T_{\text{тот}}$ ) totықсyzдандырылды.


$\text{CO}_2$  және CO адсорбция механизмін зерттеу үшін Ик-сәулелену әдісі қолданылды. Биметалдық Cu-СЖЭ/ $\text{Al}_2\text{O}_3$ -катализаторының активті орталықтарының күйі және құрылымы физикалық-химиялық әдістері: Ик-сәулелену, электронды микроскопия және электрондар дифракциясы көмегімен зерттелді [1-6].

### НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

$\text{CO}_2$  және CO адсорбция механизмін зерттеу үшін Ик-сәулелену әдісі қолданылды. Биметалдық Cu-СЖЭ/ $\text{Al}_2\text{O}_3$ -катализаторында  $473-773\text{K}$  температура аралығында әсерлесуі негізінен метанол түзілуіне әкеледі. Сонымен қатар катализатта этанол және диметил эфири болады. Катализатордың талғампаздығы мен түзілетін өнімдер құрамы катализатордағы

мыс және сирек жер элементтерінің қатынастарына, процесті жүргізу жағдайларына тәуелді.

Бірдей жағдайларда ( $T_{\text{тот}} = 723\text{K}, T_{\text{таж}} = 623\text{K}$ ) катализатордың активті фазаларының құрамындағы мыс мөлшерінің 90% дан 10%-ға дейін төмендеуі  $\text{CO}_2$  конверсиялану дәрежесінің мынадай қатарда (%) өзгеруіне әкеледі:



Метанолдың ең жоғары шығымы (92,0%) Cu-СЖЭ(1:1)/ $\text{Al}_2\text{O}_3$ - катализаторында байқалады, ал активті фазасының құрамында Си мөлшері 90 және 10% болғанда  $\text{CH}_3\text{OH}$  шығымы 53,7 және 52,5% құрайды.

Айта кететін жағдай көміртегі қос totығының гидрленуі кезінде  $\text{CO}_2$  бетінің көмірленуі байқалмайды.

Cu-СЖЭ/ $\text{Al}_2\text{O}_3$ - катализаторында  $\text{CO}_2 + \text{H}_2$  коспасының  $303-573\text{K}$ -де адсорбциялануы кезінде алынған Ик-спектрінде  $2390-2320 \text{ cm}^{-1}(\text{CO}_{2\text{ адс}}), 2130 \text{ cm}^{-1}(\text{M}^{\text{n}+}\text{CO})$  және  $1600-1250 \text{ cm}^{-1}$  ж.ж. (формиатты құрылымдар) байқалды. Биметалдық Cu-СЖЭ/ $\text{Al}_2\text{O}_3$ -катализаторлары қасиеттерінің әртүрлілігі олардың құрамына кіретін мыс және СЖЭ құрылымы мен гетероядролы бөлшектерінің құрамының да әртүрлі болатындығымен байланысты. Электронды микроскопия, электрондар дифракциясы әдістерін үйлестіре отырып зерттеу, Cu-СЖЭ(9:1)/ $\text{Al}_2\text{O}_3$  катализаторы бетінде бірқалыпты таралмаған, мөлшері  $d \approx 6,0-8,0 \text{ nm}$  болатын  $\text{Cu}_4\text{O}_3$  бөлшектері үстем екені және

$d \approx 50\text{E} \text{ AlCu}_3$  – бөлшектер кездесетіндігін анықтады.

СЖЭ ұсақ бөлшектер ( $d \approx 5,0-8,0 \text{ nm}$ ) шоғырын түзіп, totыққан күйде болады.

Биметалдық катализатор құрамында СЖЭ концентрациясының 50%-ға дейін артуы дисперстіліктің есуімен және бөлшектер құрылымының өзгеруімен қатар жүреді. Cu-СЖЭ(1:1)/ $\text{Al}_2\text{O}_3$  бетінде құрылымның екі түрі болады. Олардың біріне жоғарыдисперсті (~ $2,5 \text{ nm}$ ) бөлшектерден құралған  $d \sim 100 \text{ nm}$  агрегаттардың түзілуі тән. Микродифракциялық зерттеулер агрегаттар құрамында СЖЭ totықтарымен қатар  $\text{Cu}_4\text{O}_3$  болатындығын көрсетті. Екінші түрі катализатор бетінде бірқалыпты таралған және жоғарыдисперсті ретімен орналасқан бөлшектерден ( $\gg 2,5-5,0 \text{ nm}$ ) тұратын  $d \Theta 400\text{E}$  тамшытәрізді құрылымды көрсетті. Бұл құрылымдар СЖЭ totықтары сияқты  $\text{Al}_6\text{Cu}_6\text{P}_3\text{Э}_6$  косылыштары идентифицирленген және де дисперсті бөлшектерден тұратын ( $d \gg 3,0-5,0 \text{ nm}$ )  $d \gg 40,0 \text{ nm}$   $\text{Cu}_2\text{O}$  жеке ассоциаттар

кездеседі.

$\text{Cu}-\text{СЖЭ}/\text{Al}_2\text{O}_3$  катализаторының құрылымы мен бетінің күйін электрондық микроскопия және  $\text{CO}_2$ -ны зонд молекула ретінде қолданылған Ик сәулемен зерттеулері нәтижелерінде өзара жақсы сәйкестік бар. 303-673К аралығында беттік аудан металдардың тотықкан күйіне ие болады. Мысалы, 303К- де  $\text{CO}_{\text{адс}}$  Ик спектрінде  $\text{Cu}-\text{СЖЭ}(1:1)/\text{Al}_2\text{O}_3$  катализаторында интенсивті ж.ж. 2190, 2120 және әлсізірек 2040, 2000  $\text{cm}^{-1}$  ж.ж. бар. Авторлар [6] нәтижелері бойынша 2190 және 2120  $\text{cm}^{-1}$  ж.ж.  $\text{M}^{\text{n}+}$ -орталықта сызықты адсорбцияланған  $\text{CO}$ -ға, ал 2040 және 2000  $\text{cm}^{-1}$  ж.ж.  $\text{M}^{\text{o}}$ -орталықта адсорбцияланған  $\text{CO}$ -ға жатады. Катализаторды 473К-де сутегімен тотықсыздандырылғаннан және көміртегі тотығымен өндегеннен кейін Ик-спектрінде интенсивті ж.ж. 2160  $\text{cm}^{-1}$  ( $\text{M}^{\text{n}+}\text{CO}$ ) және ете әлсіз ж.ж. 2090  $\text{cm}^{-1}$  ( $\text{M}^{\text{o}}\text{CO}$ ) пайда болады.  $\text{CO}$ -ның адсорбциялану температурасын жоғарылату  $\text{M}^{\text{o}}$ -орталығында  $\text{CO}_{\text{адс}}$  жатын ж.ж. жойылуына әкеледі. Ик-спектрінде  $\text{M}^{\text{n}+}\text{CO}$ -ға және 2190, 2180, 2110  $\text{cm}^{-1}$  ж.ж. аныкталды.

$\text{Cu}-\text{СЖЭ}(1:1)/\text{Al}_2\text{O}_3$  катализаторы қатысында процесті жүргізу жағдайларының  $\text{CO}_2$ -нің конверсия дәрежесі мен метанол шығымына әсері зерттелді.  $T_{\text{tot}}=T_{\text{тәж}}=523\text{K}$  кезінде  $\text{CO}_2$ -нің айналу дәрежесі – 23,8% тен болады (кесте). Реакция өнімдері құрамында диметил эфирі (2,4%), метанол (84,0%) және этанол (13,6%) болды.  $T_{\text{tot}}=T_{\text{тәж}}=623\text{K}$ -ге дейін жоғарылағанда  $\text{CO}_2$  конверсиясы 10,9%-ға дейін тәмендейді. Метанол мөлшері тәжірибе жүзінде өзгермейді – 84,2% тен, бірақ диметил эфирінің мөлшері (ДМЭ) 10,6%-ға дейін есіп, біруақытта этанол үлесінің 5,2%-ға тәмендейді. Реакция температурасы 773К-ге дейін жоғарылағанда  $\text{CO}_2$ -ның

конверсиясы 21,1%-ға артады. Бұл жағдайда метанол шығымы 62,0%, этанол – 35,1%, диметил эфирінікі – 2,9%.

Процесс температурасының 523К нен 573К-ге дейін жоғарылағанда ( $T_{\text{tot}}=673\text{K}$ )  $\text{CO}_2$  конверсия дәрежесі 18,6-ден 31,7%-ға артады, бірақ содан кейін ол 18,3%-ға дейін ( $T_{\text{tot}}=673\text{K}$ ) тәмендейді. Реакция температурасының 523 тен 673К-ге ( $T_{\text{tot}}=673\text{K}$ ) өзгеруі метанол шығымына 89,5-92,9%, іс жүзінде әсер етпейтіндігін айта кету керек, сол кезде этанол шығымы 7,6 дан 4,4%-ке тәмендеп, ал диметил эфирі шығымы 2,9дан 4,8%-ға дейінғана артады.

$\text{Cu}-\text{СЖЭ}(1:1)/\text{Al}_2\text{O}_3$  катализаторды тотықсыздандыру температурасының ( $T_{\text{тәж}}=623\text{K}$ )  $\text{CO}_2$ -нің гидрогенизация процесіне әсерін зерттегендеге  $T_{\text{tot}}=673$  тен 773К –ге артуымен  $\text{CO}_2$  конверсия дәре-жесі 19,3% дан  $T_{\text{tot}}=673\text{K}$  жағдайында 62,0%-ға (773К) дейін артатындығы анықталды.  $\text{CO}_2$  конверсия дәрежесінде метанол шығымы симбатты өзгереді:  $\text{CH}_3\text{OH}$ -тың жоғары мөлшері  $T_{\text{tot}}=723\text{K}$  ( $T_{\text{тәж}}=623\text{K}$ ) кезінде түзіледі және 92,0%-ға жетеді.  $T_{\text{tot}}=673$  тен 773К-ге жоғарылағанда этанол шығымы 5,8 ден 12,4%-ға артады, ал диметил эфирі 4,3- тен 2,3%-ға тәмендейді.

Ик-спектроскопиямен әртүрлі температураарда ( $T_{\text{адс}}=623\text{K}$ ) тотықсыздандырылған  $\text{Cu}-\text{СЖЭ}/\text{Al}_2\text{O}_3$  – катализаторы бетінде сутегі қатысында хемосорбцияланған, көміртегі қос тотығының күйі зерттелді.  $\text{CO}_2$ -нің Ик-спектрінде, 773К кезінде тотықсыздандырылып, адсорбцияланған және ауада сакталған  $\text{Cu}-\text{СЖЭ}(1:1)/\text{Al}_2\text{O}_3$  катализаторында (бастапқы үлгі) 2400, 2380, 2320, 2290, 2250, 1600 және 1340  $\text{cm}^{-1}$  ж.ж анықталды. [7] сәйкес ж.ж. 2400-2250  $\text{cm}^{-1}$  аумақтарында хемо-сорбцияланған  $\text{CO}_2$ -ні

Кесте

#### $\text{CO}_2$ ni $\text{Cu}-\text{СЖЭ}(1:1)/\text{Al}_2\text{O}_3$ – катализаторында гидрлеу

Шарттары		$\text{CO}_2$ конверсиясы, %	Реакция өнімдері, салыст. %		
$T_{\text{в}}, \text{K}$	$T_{\text{оп}}, \text{K}$		ДМЭ	Метанол	Этанол
523	523	23,8	2,4	84,0	13,6
573	573	18,2	3,2	82,1	14,7
623	623	10,9	10,6	84,2	5,2
673	673	18,3	4,8	90,8	4,4
723	723	15,6	16,1	30,5	53,4
773	773	21,1	2,9	62,0	35,1
673	523	18,6	2,9	89,5	7,6
673	573	31,7	2,1	90,7	7,2
673	623	19,3	4,3	89,9	5,8
573	623	27,3	3,1	92,8	4,1
723	623	62,0	4,7	92,9	2,4
773	623	22,4	2,7	84,9	12,4

сипаттайды, 1600-1340 см<sup>-1</sup> аумақтарындағы ж.ж. формиатты құрылымға жатады. Вакуумдегеннен кейін в Ик-спектрінде 1450 см<sup>-1</sup> ж.ж. болады.

Катализаторды тотықсыздандыру температура-сын 573К-де тотықсыздандырғанда Ик-спектрінде ж.ж. 2390, 2340, 2320 (CO<sub>2</sub><sub>адс</sub>) және кең ж.ж. 1600-1359 см<sup>-1</sup> аумақтарында (формиатты құрылым) аныкталды. Формиатты құрылым бетпен берік байланыскан және 2390-2320 см<sup>-1</sup> ж.ж. на қарағанда вакуумдеу кезінде жойылмайды.

673К-де тотықсыздандырылған Cu-СЖЭ (1:1)/Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>-катализаторында хемосорбцияланған көміртегі қос тотығы Ик-спектрінде 2320 см<sup>-1</sup> ж.ж. және кең ж.ж. 1600-1300 см<sup>-1</sup> табылды. Со-нымен катар, CO<sub>адс</sub> сипаттайтын M<sup>n+</sup>-орталығымен сзықты байланыскан интенсивті ж.ж. 2130 см<sup>-1</sup> пайда болады.

Сонымен, Ик-спектроскопиялық зерттеулері жоғары температурада CO<sub>2</sub> молекуласы ассоциативті ері, диссоциативті механизм (CO<sub>2</sub>>CO<sub>адс</sub>+O<sub>адс</sub>) бойынша да хемосорбцияланатындығын көрсетеді.

Ик-спектрінде M<sup>0</sup> және M<sup>n+</sup> орталықтарында CO<sub>2</sub> адсорбциясы кезінде құрамында оттегі бар қосылыстардың түзілуіне карбонат-карбоксилат құрылымдарының қатысатындығын білдіреді.

Cu-СЖЭ/Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>-де хемосорбцияланған CO<sub>2</sub> Ик-спектрінде 3600-300 см<sup>-1</sup> ж.ж. болды [7] сәйкес OH-тобына жаткызуға болатындығын айқан жөн. Бұл ж.ж. орналасуының әртүрлі мағыналары олардың беттік ауданмен байланысу энергияларының әртүрлілігін көрсетеді.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Миркин Л.И. Рентгеноструктурный анализ. М.: Наука, 1976. 326 с.
2. Лукьянович В.М. Электронная микроскопия в физико-химических исследованиях. М.: Наука, 1960. 290 с.
3. Шиммель Г. Методика электронной микроскопии.

М.: Мир, 1972. 229 с.

4. Пилянкевич А.Н. Просвечивающая электронная микроскопия. Киев: Наукова думка, 1975. 219с.

5. Кох И.Г., Воздвиженский В.Ф., Бабенкова Л.В. ИК-спектроскопические и термодесорбционные исследования состояние водорода на образцах Pd/Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> //Ж.фiz.химии. 1989. №4. С. 978-984.

6. Лохов Ю.А., Давыдов А.А. Влияние состояния центров адсорбции на частоту валентного колебания адсорбированного оксида углерода // Кинетика и катализ. 1980. Т.21. №6. С.1523-1529.

7. Паукштис Е.А. Инфракрасная спектроскопия в гетерогенном кислотно-основном катализе. Новосибирск: Наука, 1992. 254 с.

#### Резюме

Исследованы адсорбционные и катализические свойства Cu-PЗЭ/Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> – катализаторов гидрогенизации диоксида углерода. При гидрогенизации CO<sub>2</sub> основным продуктом является метанол. Степень конверсии CO<sub>2</sub> и селективность катализатора определяются соотношением Cu-РЗЭ и условиями ведения процесса. Показано, что введение РЗЭ способствует диспергации час-тиц на поверхности биметаллического Cu-содержащего катализатора. С применением ИК-спектроскопии изучена адсорбция CO, CO<sub>2</sub>+H<sub>2</sub>. На основании полученных данных установлено, что процесс активации CO<sub>2</sub> протекает в основном по направлению CO<sub>2</sub>>CO<sub>адс</sub>+O<sub>адс</sub> или по ассоциативному механизму с образованием [COO]<sub>адс</sub>.

Институт органического катализа  
и электрохимии им. Д.В.Сокольского МОН РК,  
г. Алматы

Поступила 04.06.2007 г.